

Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен қаражат бөлу және маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 20 қыркүйектегі N 887 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігіне Астана қаласындағы "Transport Tower" әкімшілік-технологиялық кешенінің ғимаратындағы өрттің салдарын жоюға 2006 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен 540360 (бес жүз қырық мың үш жүз алпыс) теңге бөлінсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.12.27. N 1293 қаулысымен.

2. "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Ақпараттық-тұсаукесер орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарына тапсырыс беруші болып белгіленсін.

3. "Базис-А корпорациясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі осы қаулының 2-тармағында көрсетілген жұмыстарды беруші болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) осы қаулының 2-тармағында көрсетілген жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды ;

2) осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды ;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі